

ЗАҢ БҰЗУШЫЛЫҚ

Абайлаңыз, интернет-алаяқтар!

Полиция департаменті аймақ тұрғындары мен қонақтарын қырағы болуға шақырады. Ешбір жағдайда белгісіз адамдарға өздерінің банктік карталары туралы деректерді, сондай-ақ, банктердің мобильді қосымшаларының құпия сөздерін және кез келген басқа қаржылық деректерді беруге болмайды.

Павлодар қаласы Оңтүстік полиция бөлімінің бастығы Павел Павлов облыс орталығының бір тұрғыны алаяқтарға тап болып, картадан барлық қаражаттан айырылғанын мәлімдеді. 32 жастағы Павлодар тұрғыны түсіндіргендей, ол сайттардың бірінде жиһаз сату туралы хабарландыру жариялаған. Жарты сағаттан кейін оған ер адам қоңырау шалып, барлық жиһаздарды сатып алғысы келетіндігін айтқан. Оң жауап алғаннан кейін ер адам карточка нөмірін және абоненттік

нөмірге келетін SMS-хабарламаны жазуды сұраған.
- Қала тұрғыны интернет-алаяққа қажетті деректердің бәрін айтып берген. Бірнеше минуттан кейін ол банктік картадан жалпы сомасы 800 000 теңгеден астам қаражатты аударып алған, - деді П.Павлов.
Қазіргі уақытта полицейлер осы қылмысқа қатысы бар адамдарды анықтау бойынша жедел-іздестіру іс-шараларын жүргізуде.

А.МҰҚЫШЕВ.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«АлтынМинералс» ЖШС Павлодар облысы, М-43-46 (10а-56-16, 17, 18, 21, 22, 23), М-43-46 (10а-5г-1, 2, 3, 8), М-43-46 (10а-5г-13, 14, 18, 19, 20) учаскелерінде орналасқан Қызыладыр ауданындағы қатты пайдалы қазбаларды барлау жоспарына «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімін көпшілік талқылау арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Жобалық құжаттама пакетімен бірыңғай экологиялық порталда <https://ecoportal.kz/> және «Павлодар облысы жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасы» ММ сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/pavlodar-tabigat/activities/directions?lang=ru> танысуға болады.

Көпшілік талқылау 17.01.2023 ж. мен 24.01.2023 ж. аралығында Бірыңғай Экологиялық Портал сайтында өтеді.

Барлық ескертулер мен ұсыныстар күндер аралығында бірыңғай экологиялық порталда қабылданады. Осы мерзім өткеннен кейін ескертулер мен ұсыныстар қабылданбайды.

Бастамашы - «АлтынМинералс» ЖШС, ЖНС: 180140031117, Павлодар облысы, Екібастұз қаласы, Абай к., 175, тел. 8 (747) 4064142.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші «ЭкоПраво» ЖШС, БСН: 171240012442, Павлодар қ., Луначарский к., 24а, 4 офісі, тел. 8 (777) 9370357.

Порталға сілтеме: <https://ecoportal.kz> және <https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-upr?lang=ru>.

Қоғамдық тыңдаулар өткізу кезінде межеленіп отырған қызмет туралы қосымша ақпарат алуға, сондай-ақ межеленіп отырған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін е-mail: erpravo.info@mail.ru, тел. 87779370357.

ЖАО жұртшылықтың қоғамдық тыңдауларды өткізу туралы ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз етуге жауапты - «Павлодар облысының жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасы» ММ - бас маманы Темірғалина Әлия, электрондық мекенжайы: temirgalina.aliya@pavlodar.gov.kz, телефоны 8(718)2-321681.

(203)

Еске алу

Абдрахманов Ғайса Жасталапұлын еске аламыз

Сүйікті бауырымыз, аяулы жар, ардақты әке Абдрахманов Ғайса Жасталапұлының дүниеден өткеніне 40 күн толды. Тағдырға қарсы тұрар амал бар ма?! Жан бауырымызды қабырғамыз қайыса отырып, сағынышпен еске аламыз.

Қызылды-жасыл дүние,
Жалғанын бізге ұқтырып,
Келмескекеттің,жанбауыр,
Қайғыны қалың


жүк қылып...

Жан бауырым, Ғайсажан,
Оралшы бізге қайтадан.
Жолаушыкеткенболарсың,
Күтугебармызшаршамай...
Келсеңші, кенже бауырым,
Күтуде туған ауылың.
Күтеді сені ұл-қызың,
Әкелеп алдан шығатын...
Келмеске кеттім демеші,
Кездесу қашан келесі?!
Кешікпей жетші, күтеміз,
Қарашаңырақтың егесі.
Ұрпағың - ұлың, қыздарың,
Өсірген бағың, гүлзарың.

Марқұмның қырқына арналған ас 14.01.2023 жылы сағат 12.00-де Екібастұз қаласының «Мераман» мейрамханасында беріледі. Қадамдарыңыз сауаптан болсын!

Еске алушылар: Абдрахмановтар әулеті.

(2)



Қызығын көрмей
жарыңмен,
Қалайша ерте ұзадың?!
Тәркеттіңдүние думаның,
Қалдыарттауыс-туғаның.
Бақиға қалай қиямыз,
Босқалды-аутуған ұямыз.
Жан бауырым, қимасым,
Жоғыңа сену - қиын, шын!
Отбасыңа - амандық,
Өзіңе жәннат бұйырсын!

СУЫТ ХАБАРЛАР

Жаяу жүргіншілер өткелі арқылы немесе қиылыста қызыл бағдаршамға өту - жолда жиі кездесетін ереже бұзушылықтардың бірі. Мұның соңы ауыр зардаптарға ұласуы мүмкін. Сондықтан тәртіп сақшылары жол жүру ережесін қатаң сақтауға шақырады.

Қызыл бағдаршамға «ҚЫЗЫҚПАЙДЫ»

Павлодар облысы патрульдік полиция батальонының командирі Айдар Сламбековтің айтуынша, кейбір жүргізушілер бағдаршамның тыйым салу сигналдарына назар аудармай, жылдам өтіп кетуге үміттенеді.

- Ағымдағы жылдың 3 қаңтары күні сағат 11.52-де Павлодарда Катаев-Естай көшелерінің қиылысында «Mercedes Benz» автокөлігінің жүргізушісі тыйым салу сигналына қарамай, бағдаршамның қызыл шамына өткен. Жүргізушіге қатысты ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 599-бабы бойынша әкімшілік хаттама толтырылып, 10 АЕК мөлшерінде айыппұл салынды, - деді ол.

Осындай фактіні тәртіп сақшылары Катаев-Толстой көшелерінің қиылысында да тіркеді. «Nissan» автокөлігінің жүргізушісі де бағдаршамның тыйым салу сигналына қарамай өткен.



Жүргізушіге қатысты ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 599-бабы бойынша әкімшілік хаттама жасалды. Павлодарлық азамат 10 АЕК мөлшерінде айыппұл төлеу қажет. Әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде мұндай әрекеттер қайталанып жасалса, айыппұл мөлшері 15 АЕК-ке дейін ұлғаяды.

Мас жүргізушілер ұсталды

Жаңа жылдың алғашқы күндерінде мамандандырылған айып тұрағына 17 авто-машина қойылды, оның ішінде 4 жүргізуші алкогольдік мас күйінде автокөлік құралдарын басқарғаны анықталды. Сонымен қатар, мемлекеттік нөмірсіз автокөлік жүргізген жүргізуші ұсталды.

Екібастұз қаласы полиция басқармасы патрульдік полиция ротасының командирі Фаруз Күсембековтің айтуынша, медициналық айықтырғыш нысанына 63 адам жеткізілді.

- 2023 жылғы 3 қаңтар күні сағат 03.05 шамасында Екібастұз қаласының Мұхтар Әуезов көшесін патрульдеу барысында алкогольдік мас күйінде болған 57 жастағы жүргізушінің басқаруымен «Toyota Mark 2» маркалы көлік құралы тоқтатылды. Сондай-ақ, түнгі сағат 02.15 шамасында Екібастұз қаласының Энергетиктер көшесінің бойында «Lada 21150» автокөлігінің 21 жас-тағы жүргізушісі мас күйінде

басқарған фактісі тіркелді.

Жүргізілген медициналық куәландыруға сәйкес ол орташа дәрежеде мас күйде болғаны анықталды. Көлік құралдары айып тұрағына қойылып, ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 608-бабы 1-бөлігі бойынша әкімшілік хаттамалар толтырылып, сотқа жіберілді, - деді Ф.Күсембеков.

Айта кету керек, алкогольдік, есірткілік және уытқұмарлық масаң күйде көлік құралын басқарғаны үшін он бес тәулікке әкімшілік қамауға алуға және жеті жыл мерзімге көлік құралын басқару құқығынан айыруға әкеп соғады.

А.ЕЛЕМЕСҰЛЫ.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Желнов Михаил Анатольевич ЖК мұздатылған жүгеріні жою бойынша жария талқылау арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Жобалық құжаттама пакетімен бірыңғай экологиялық порталда <https://ecoportal.kz/> танысуға болады.

Көпшілік талқылау 18.01.2023 ж. бастап 10 жұмыс күні аралығында Бірыңғай Экологиялық Портал сайтында өтеді.

Барлық ескертулер мен ұсыныстар осы күндер аралығында бірыңғай экологиялық порталда қабылданады. Осы мерзім өткеннен кейін ескертулер мен ұсыныстар қабылданбайды.

Бастамашы «Желнов Михаил Анатольевич» ЖК, БСН: 610401301372, Павлодар қаласы, Торговая көш., 11/1-үй, тел. 8 (701) 397-02-64.

Қоғамдық тыңдаулар өткізу кезінде межеленіп отырған қызмет туралы қосымша ақпаратты, сондай-ақ межеленіп отырған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін е-mail: aigerim-ip@mail.ru, тел. 8 (701) 397-02-64 арқылы алуға болады.

Қоғамдық тыңдауларды жария талқылау нысанында үйлестіруге жауапты жергілікті атқарушы орган - «Павлодар облысының жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасы» ММ - бас маман Темірғалина Әлия, электрондық мекенжайы: temirgalina.aliya@pavlodar.gov.kz, телефоны 8 (718) 2-321681.

(204)

Ленин кенті «SUNQAR» дене шынықтыру-сауықтыру кешені» Мемлекеттік қазыналық коммуналдық мекемесі барлық кредиторлар мен мүдделі тұлғаларды Ленин кенті әкімінің 2022 ж. 28 желтоқсандағы №104 шешіміне сәйкес Ленин кенті әкімі аппараты Мемлекеттік мекемесі «Ленин кенті «SUNQAR» дене шынықтыру-сауықтыру кешені» мемлекеттік қазыналық коммуналдық мекемесін қайта құру жолымен Ленин кенті әкімі аппараты Мемлекеттік мекемесі «Ленин кенті «SUNQAR» дене шынықтыру-сауықтыру кешені» мемлекеттік коммуналдық мекемесі болып қайта құрылғаны туралы хабардар етеді. Барлық талаптарды мына мекенжайға жолдауларыңызды сұраймыз: 140000, Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы, Павлодар қаласы, Ленин кенті, Сарыарқа көшесі, 55/1 құрылысы.

(9)

SARYARQA SAMALY



«ЕРТІС МЕДИА» ЖШС -
ҚАЗАҚСТАННЫҢ
ҰЗДІК КӘСІПОРНЫ
2020

МЕНШІК ИЕСІ: _____

«Павлодар облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі (Павлодар қаласы)
«Ертiс Медиа» ЖШС,
«Saryarqa samaly» облыстық газеті

Газетке Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуни-кациялар министрлігі Ақпарат комитетінің мерзімді басылым-ды, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы 19.06.2019 ж. №17747-Г куәлігі берілген.

Газет 1979

жылы

«Құрмет

белгісі»

орденімен,

2014 жылы

«Алтын

жұлдыз»

жалпыұлттық

сыйлығымен

марапатталды.



ЖШС директоры
Аида ХАМЗИНА

Бас редактор
Нұрбол ЖАЙЫҚБАЕВ

Телефоны: 66-15-30

ЖШС-нің мекенжайы:

Павлодар қаласы,
Қ.Сұрағанов көшесі, 21-үй.

Редакцияның мекенжайы:

140000, Павлодар қаласы,
Астана көшесі, 143-үй.

Теле/факс 66-15-30

Газеттің электронды
поштасы: ssamaly29@gmail.com.

Бас редактордың

орынбасары - 66-14-61.

Жауапты хатшы - 65-12-74.

Әлеуметтік бөлім - 66-14-63,
66-15-31, 66-15-32.

Экономика, саясат- 66-14-64,
66-15-28, 66-14-65.

«Айналайын» - 66-14-63.

«Жас times» - 66-15-32.

Жарнама бөлімі:

s_samaly_reklama@mail.ru

66-15-42, 66-15-40.

Маркетинг және тарату

бөлімі - 66-15-41.

Фототілші, корректорлар -
65-12-74.

Газеттің нөмірі «Saryarqa

samaly»-ның компьютер

орталығында теріліп, беттелді.

Газет аптасына екі рет шығады,
апталық таралымы 5123 дана,
бүгінгі көлемі 3 б.т.

«Дом печати» ЖШС баспахана-
сында басылды. ҚР Павлодар
қаласы, Астана көшесі, 143-үй.
Газеттің сапалы басылуына
баспахана жауап береді.
Телефоны: 8 (7182) 61-80-26.

Басылуға қол қойылған

уақыты 17.00.

Тапсырыс - 30

Хаттар, қолжазбалар,
фотографиялар мен сурет-
тер рецензияланбайды және
қайтарылмайды.
Көлемі А4 (14 кегль)
форматындағы
2 беттен асатын материалдар
қабылданбайды.

Редакция оқырмандардан
түскен барлық хаттарды тегіс
жариялауды және оларға жауап
беруді міндетіне алмайды.

Жарнамалық материалдардың
мазмұнына жарнама берушілер
жауап береді.

Нөмірді әзірлеу барысында
интернет ресурстарынан
алынған фотосуреттер де
пайдаланылды.

Авторлардың пікірлері редакция
ұстанған көзқарасқа сәйкес
келмеуі де мүмкін.

«Saryarqa samaly»-нда
жарияланған материалдарды
көшіріп немесе өңдеп басу
үшін редакцияның жазба-
ша рұқсаты алынып, газетке
сілтеме жасалуы міндетті.

Баспа индексі 65441.